

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ

«Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ» КЕАҚ

**Студенттер мен жас ғалымдардың
«GYLYM JÁNE BILIM - 2023»
XVIII Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XVIII Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«GYLYM JÁNE BILIM - 2023»**

**PROCEEDINGS
of the XVIII International Scientific Conference
for students and young scholars
«GYLYM JÁNE BILIM - 2023»**

**2023
Астана**

УДК 001+37
ББК 72+74
G99

«GYLYM JÁNE BILIM – 2023» студенттер мен жас ғалымдардың XVIII Халықаралық ғылыми конференциясы = XVIII Международная научная конференция студентов и молодых ученых «GYLYM JÁNE BILIM – 2023» = The XVIII International Scientific Conference for students and young scholars «GYLYM JÁNE BILIM – 2023». – Астана: – 6865 б. - қазақша, орысша, ағылшынша.

ISBN 978-601-337-871-8

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.


В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 001+37
ББК 72+74

ISBN 978-601-337-871-8

**©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2023**

Төмендегі 4-суретте Компанияның ақша қаражаттары және олардың баламаларының соңғы үш жылдағы өзгерісі көрсетілген.



Сурет 4. «ҚазТрансОйл» АҚ 2019-2021жж. аралығында ақша қаражаттары және олардың баламаларының өзгерісі

Қорытындылай келе, «ҚазТрансОйл» АҚ активтерінің соңғы үш жылдағы өзгерісін талдадық. Компанияның 2019-2021жж. аралығында ұзақ мерзімді активтерінің артуы, оның ішінде әсіресе негізгі құралдардың артуын көреміз. Тек 2020 жылы ұзақ мерзімді жиыны азайған, бұл жалпы еліміздің экономикасының дүниежүзілік пандемия кезіндегі баяулауына сәйкес келеді. Ал қысқа мерзімді активтерінің керсінше кеміуін көреміз. Бұған себеп, қызмет көлеміне байланысты деп ойлаймын. Яғни, Компанияның соңғы жылдары өндіріс көлемінің артуына байланысты, ұзақ мерзімді активтері өсіп, қысқа мерзімді активтері көлемі азайған.

Пайдаланған әдебиеттер тізімі:

1. Таштанова Н.Н., Сапарбаева С.С., Жаппасова Р.Е. «Бухгалтерлік есеп негіздері» /Оқу құралы/Н.Н.Таштанова, С.С.Сапарбаева, Жаппасова Р.Е.- Нур-Султан, 2020-163 б.
2. 2020 жылы 31 желтоқсандағы «ҚазТрансОйл» АҚ шоғырландырылған қаржылық есептілігі [Электрондық ресурс] - <https://kaztransoil.kz/ru/file-preview/?id=1082&sc=ART>
3. 2021 жылы 31 желтоқсандағы «ҚазТрансОйл» АҚ шоғырландырылған қаржылық есептілігі [Электрондық ресурс] - <https://kaztransoil.kz/ru/file-preview/?id=1543&sc=ART>

"АТАМЕКЕН АГРО" АҚ КІРІСТЕРІ МЕН ШЫҒЫСТАРЫНЫҢ АУДИТІ

Арқат Ақмейір Арқатқызы
Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің
«Есеп және аудит» мамандығының 4 курс студенті
Астана қ. Қазақстан Республикасы
E-mail: akme1r2002@mail.ru
Ғылыми жетекшісі –Бекболсынова А. С.
"Мемлекеттік аудит" кафедрасының аға оқытушысы

«Атамекен Агро» – қазақстандық ауыл шаруашылығы тауарын өндіруші және халықаралық сауда компаниясы. Компания 2008 жылғы 26 қыркүйекте тіркелген және өз

қызметін Қазақстан Республикасының аумағында жүзеге асырады. Компания "KazAgroTrade+" ЖШС-нен қайта құру жолымен тіркелді және оның құқықтық мирасқоры болып табылады.

Қазіргі уақытта 15 еншілес ұйымды қамтитын Компаниялар тобының бас және басқарушы компаниясы болып табылады, бұл ретте Қоғам әрбір еншілес ұйымда жарғылық капиталдың орта есеппен 89%-дан кем емес үлесіне ие құрылтайшы ретінде ұсынылған.

«Атамекен-Агро» қызметінің негізгі бағыттары:

- ауыл шаруашылығы өнімдерін өндіру және оларды өткізу;
- экспорттық қызмет;
- сауда-сатып алу, коммерциялық, делдалдық қызмет;
- меншікті қоймаларда және элеваторларда сақтау (терең, сызықтық).

«Атамекен Агро» АҚ корпоративтік құрылымы:

Өсімдік шаруашылығы: «Атамекен-Агро», «Атамекен-Агро-Есіл», «Атамекен-Агро-Целинный», «Сағат СК», «Дихан плюс».

Мал шаруашылығы: Атамекен-Агро-Шұқыркөл, Атамекен-Агро-Тимирязево, Атамекен-Агро-Корнеевка, Мичуринский, Шатило және К, ПШ.

Лифттер: «Атамекен-Астық», «Корнеевка-Есіл», «Арша-2».

Кіріс дегеніміз - белгілі бір мекеменің немесе кәсіпорының күнделікті өндірістен түсетін пайдасы болып табылады. Кіріс түрлері:

- дайын бұйымдар мен тауарларды сатудан алынатын табыстар;
- қызмет көрсетуден алынатын табыстар;
- дивиденттер, роялтилер және пайыз түрінде алынатын және тағы да басқа табыстар жатады.

Белгілі бір шығындар шығармай әдетте қажетті табыстарды алу мүмкін емес.

Шығыстар дегеніміз - осы өндірістен өнім, яғни пайда алу үшін жұмсалған шығындары және де ол өндіріске қажетті құрал - жабдықтары, материалдар мен шикізатқа, т.б. жұмсалынатын қаржылай активтері болып табылады.

Кірістер мен шығыстар туралы есептілік мекеменің қаржы шаруашылық қызметінің қорытындыларын көрсетеді және келесі мақсаттар үшін қолданылады:

1. Инвесторлар мен кредиторларға қажетті ақпараттарды дайындайды;
2. Ақшалай ағымның өзгерісін болжайды.

«KPMG» ЖШС «Атамекен-Агро» АҚ және оның еншілес ұйымдарының 2021 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша қаржылық жағдай туралы шоғырландырылған есептен, көрсетілген күні аяқталған жылдағы пайда немесе залал және өзге де жиынтық кіріс, меншікті капиталдағы өзгерістер және ақша қаражаттарының қозғалысы туралы шоғырландырылған есептерден тұратын шоғырландырылған қаржылық есептілігіне аудит жүргізді.

Шоғырландырылған қаржылық есептілік 2021 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша компанияның шоғырландырылған қаржылық жағдайын, сондай-ақ оның шоғырландырылған қаржылық нәтижелерін және аяқталған жылдағы ақша қаражатының шоғырландырылған қозғалысын Халықаралық қаржылық есептілік стандарттарына («ХКЕС») сәйкес барлық маңызды аспектілерде сенімді көрсетеді.

Компания акцияларының жалпы нарықтық құны 2022 жылы 15 682,46 млн KZT (\$33,47 млн) құрады. Төмендегі кестеде «Атамекен Агро» 2022 жылдың шілде және қазан айларына АҚ қаржылық көрсеткіштері көрсетілген.

1-кесте. «Атамекен Агро» АҚ қаржылық көрсеткіштері, мың теңге

Көрсеткіш	01.10.2022 жыл	01.07.2022 жыл	Ауытқу
Жарғылық капитал	14 218 783,00	14 218 783,00	0

Жеке капитал	25 917 317,00	21 798 350,00	4 118 967
Жиынтық активтер	106 866 328,00	94 356 596,00	12 509 732
Жиынтық міндеттемелер	80 949 011,00	72 558 246,00	8 390 765
Сату көлемі	32 416 240	–	-
Жалпы табыс	11 885 293,00	–	-
Таза пайда	7 096 993,00	2 620 869,00	4 476 124
Қарапайым акциялардың баланстық құны, теңге	584,90	584,90	0
Артықшылықты акциялардың баланстық құны, теңге	12 938,11	12 938,11	0
Ескертпе: Пайдаланылған мәліметтер негізінде жасалған [2]			

Кестеде көріп отырғандай жарғылық капитал 14 218 783 мың теңге көлемінде қалып, өзгеріске ұшырамаған. Жеке капитал қазан айында 4 118 967 мың теңгеге 18,9%-ға артықшылық жасаған. Жиынтық активтер 12 509 732 мың теңгеге көбейген. Сәйкесінше жиынтық міндеттемелер де 8 390 765 мың теңгеге артқан. Таза пайда да 4 476 124 мың теңгеге артықшылық жасаған. Қарапайым мен артықшылықты акциялардың баланстық құны өзгеріссіз қалған.

2-кесте. «Атамекен Агро» АҚ 2021 жылдың 31 желтоқсаны бойынша пайда немесе залал және басқа жиынтық кіріс туралы шоғырландырылған есебі, мың теңге

	31.12.2019 ж	31.12.2020 ж	31.12.2021 ж	2021/2020 ауытқу	2021/2020 ауытқу
Кіріс	26 767 797	28 599 250	41 646 150	13 046 900	45,62%
Ауыл шаруашылығы өнімдері мен биологиялық активтердің әділ құнының өзгеруі	3,259,273	6,822,794	1,156,372		
Сату құны	- 20 659 516	- 16 907 702	- 30 289 681	-13 381 979	79,15%
Жалпы пайда	9 367 554	18 514 342	12 512 841	-6 001 501	-32,42%
Мемлекеттік субсидиялар	11 373	11 374	3 837	-7 537	-66,27%
Басқа операциялық кірістер	920 467	653 418	768 324	114 906	17,59%
Негізгі құралдардың құнсыздануынан болған шығын	-	- 2 509 846	-		
(Шығын)/дебиторлық берешектің құнсыздануын қалпына келтіру	230 493	- 334 091	- 340 582	- 6 491	1,9%
Іске асыру бойынша шығыстар	- 1 299 380	- 2 547 285	- 3 220 263	- 672 978	26,4%
Әкімшілік шығыстар	- 2 819 628	- 2 976 293	- 4 040 515	- 1 064 222	35,75%
Басқа операциялық шығындар	- 1 850 154	- 286,346	- 570 835	-570 549	
Операциялық қызметтің нәтижелері	4 560 725	10 525 273	5 492 670	-5 032 603	-47,81%

Қаржылық кірістер	48 105	2 115 886	2 633 857	517 971	24,48%
Қаржылық шығыстар	2 638 020	- 3 812 597	- 5 223 384	-1 410 787	37,00%
Таза қаржылық шығындар	- 2 589 915	- 1 696 711	-2 589 527	-892 816	52,62%
Салық салуға дейінгі пайда	1 970 810	8 828 562	2 903 143	-5 925 419	-67,12%
Табыс салығы бойынша шығыс/(үнемдеу)	- 60 339	318 409	- 645 865	-964 274	-302,84%
Бір жылдағы пайда	1 910 471	9 146 971	2 257 278	-6 889 693	-75,32%
Ескертпе: Пайдаланылған мәліметтер негізінде жасалған [3] [4]					

Пайда немесе залал туралы шоғырландырылған есебінде көрсетілгендей компанияның кіріс 2019 жылдан 1 831 453 мың теңгеге, 2020 жылдан 13 046 900 мың теңгеге артып, 2021 жылы 45,62%-ға көбейген.

Сату құны 2019 жылы 201 млрд теңгесінде теріс мән көрсеткен. 2020 жылы аталған көрсеткіш 3,7 млрд теңгеге азайғанымен, 2021 жылы 13 381 979 мың теңгеге тағы да азайған.

Жалпы пайда 2019 жылмен салыстырғанда 2020 жылы 2 еседей мөлшерде көбейгенімен, 2021 жылы 6 млрд. теңгеге 32%-ға азайған. Операциялық қызметтің нәтижелері де 2020 жылы өсім көрсетіп, 2021 жылы 2 есе қысқарған.

Таза қаржылық шығындар 2019 жылдан 893 204 млн теңгеге азайғанымен, 2021 жылы 892 816 млн теңгеге қайтадан көбейіп, 2019 жылы мөлшеріне қайтадан келген. Салық салуға дейінгі пайда 2020 жылы бірден 4,5 есе артқанымен, 2021 жылы 67%-ға азайған.

Нәтижесінде бір жылдағы пайда 2020 жылы 9 146 971 мың теңге, 2021 жылы 2 257 278 мың теңге құрап, 75%-ға азайған. 2021 жылы табыс салығы бойынша - 645,865 мың теңге сомасында шығыс салық салуға дейінгі пайдадан алынғанда бір жылға пайда 2 257 278 мың теңге сомасында болған.

Салық салуға дейінгі пайда мен жалпы пайданың мөлшерінің көп болуына байланысты 2020 жылы бір жылдағы пайда көлемі 2021 жылға қарағанда көбірек.

Суретте көрсетілгендей, кіріс жыл сайын ұлғайғанымен, жалпы пайда мен операциялық қызмет нәтижелері тұрақсыз қалыпты көрсетіп тұр. Бұл өз кезегінде жыл соңындағы пайда көлеміне әсер етіп тұр.

Шығындар құрамына негізгі құралдардың құнсыздануынан болған шығын, дебиторлық берешектің құнсыздануын қалпына келтіруден шығын, іске асыру бойынша шығыстар, әкімшілік шығыстар, қаржылық шығыстар, табыс салығы бойынша шығыс және басқа да операциялық шығындар кіреді.


Ал кірістерге мемлекеттік субсидиялар, қаржылық кірістер және басқа операциялық кірістер жатады.

Компания әдетте қаржылық міндеттемелерге қызмет көрсету құнын қоса алғанда, 60 күн ішінде күтілетін операциялық шығындарды жабу үшін талап бойынша жеткілікті ақша қаражатының болуын қамтамасыз етеді. Бұл табиғи апаттар сияқты болжауы мүмкін емес ерекше жағдайлардың ықтимал әсерін есепке алмайды.

Қазіргі уақытта ұйым қолданатын бағдарламада жасалған шарттар бойынша кірістер мен шығыстар туралы ақпарат алуға болады, бірақ талдау кезінде қызмет бағыттары бойынша кірістер мен шығыстар туралы ақпарат көрсетілмейді.

Сондықтан, «Атамекен Агро» АҚ қолданатын кірістер мен шығыстарды талдау экономикалық субъект қызметінің рентабельділігі мен кірістілігін анықтау үшін маңызды болып табылатын қызмет бағыттары бойынша кірістер мен шығыстарды қарастыруға мүмкіндік бермейді.

«Атамекен Агро» АҚ болып табылатын ұйымдар үшін қызмет бағыттары бойынша әдеттегі қызмет түрлері бойынша кірістер мен шығыстар туралы ақпаратты егжей-тегжейлі көрсету ұсынылады.



Сурет 1. Пайда немесе залал және басқа жиынтық кіріс туралы шоғырландырылған есебі диаграммасы

Ескертпе: кесте автормен жасалған [3] [4]

Қорытындылай келе, нарықтық экономика жағдайында кәсіпорынның қорын толықтырудың негізгі көзі, демек, оның қызметінің негізгі мақсаты пайда табу деп айта аламыз.

Пайда кәсіпорын қызметінің соңғы қаржылық нәтижесі ретінде өндірістің тиімділігін, өндірілген өнімнің көлемі мен сапасын, еңбек өнімділігінің жағдайын, өзіндік құн деңгейін көрсетеді. Кәсіпорынның пайдасы оның қызметінің тиімділігінің ең маңызды көрсеткіші болып табылады. Сондықтан кәсіпорын қызметінің оң нәтижелеріне жету үшін кәсіпорынның қаржылық нәтижелерін мұқият бақылап, аудит жүргізу қажет.

Қорытындылай келе, "Атамекен-Агро" АҚ кірістері мен шығыстары аудитінің нәтижелері бойынша:

1. Ұйымның номенклатура мен ассортиментті кеңейту;
2. Өкізу нарықтарын кеңейту;
3. Сұранысты ынталандыратын жарнамалық науқандарды жүргізу;
4. Адалдық жүйесін, бонустық схемаларды, жеңілдік бағдарламаларын және т.б. әзірлеу.

5. Басқа ұйымдардың жарғылық капиталына қатысумен байланысты кірістерді ұлғайту секілді әдістер арқылы қаржылық көрсеткіштерін жақсарту ұсынылады.

Қолданылған әдебиеттер тізімі :

1. Ресми сайт АО «Атамекен-Агро» <https://atameken-agro.com/>
2. АО"Атамекен-Агро" (KATR) <https://kase.kz/ru/issuers/KATR/>
3. Годовой отчет за 2021 год

https://kase.kz/files/emitters/KATR/katrp_2021_rus_2.pdf

4. Годовой отчет за 2020 год

https://kase.kz/files/emitters/KATR/katrp_2020_rus_2.pdf

5. <https://kazaksha.info/kurstykyjmystar/акша-қаражаттарының-есеп-айырысу-жән/>

МЕМЛЕКЕТТІК БАҒДАРЛАМАЛАРДЫҢ ТИІМДІЛІГІНІҢ АУДИТІ

Асан Н.Қ.

«Мемлекеттік аудит» БББ 2 курс студенті

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана қ.,

Қазақстан Республикасы

E-mail: asan.nurgeldi@mail.ru

Ғылыми жетекші: Жахметова А.К.,

«Мемлекеттік аудит» кафедрасының аға оқытушысы

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана қ.,

Қазақстан Республикасы

Мемлекеттік бағдарламалар халықтың өмірін жақсартуға бағытталған мемлекеттік саясаттың маңызды құрамдас бөлігі болып табылады. Мемлекеттік бағдарламалар әлеуметтік қамсыздандыру мен денсаулық сақтаудан бастап білім беру мен инфрақұрылымды дамытуға дейінгі әртүрлі мәселелерді шешуге бағытталған. Бағдарламалардың тиімді және нәтижелі жұмыс істеуін және олардың жоспарланған нәтижелеріне қол жеткізуін қамтамасыз ету маңызды. Үкімет бағдарламалардың көздеген мақсаттарына қол жеткізуін және қалаған нәтижелерді беруін қамтамасыз етуі керек. Бұл қызметті жүзеге асырудың тиімді жолы – бағдарламаның тиімділігін тексеру.

Аудит – Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қаржылық есептілік және қаржылық есептілікке байланысты басқа да ақпарат туралы тәуелсіз пікір білдіру мақсатында тексеру [1]. Мемлекеттік бағдарламаларға қатысты аудит олардың көздеген мақсаттарына қол жеткізіп жатқанын және бөлінген қаражаттың тиімді пайдаланылуын бағалайды. Аудит жақсартылатын бағыттарды анықтауға көмектеседі және бағдарламаның тиімділігін арттыру бойынша ұсыныстар береді.

Мемлекеттік бағдарламалардың тиімділігінің аудиті – бұл бағдарламаның өз мақсаттарына қол жеткізіп жатқанын және тиімді баға беретінін анықтау үшін оның орындалуын жүйелі түрде тексеру. Мемлекеттік бағдарламалардың тиімділігін тексеру олардың мақсатына сай болуын және халықтың әлеуметтік жағдайын қамтамасыз етуінің маңызды құралы болып табылады.

Бұл бағдарламаның жүзеге асырылуын және нәтижелерін егжей-тегжейлі талдауды, сондай-ақ оның халыққа әсерін бағалауды қамтиды.

Мемлекеттік бағдарламаның тиімділігін тексеру үшін аудиторлар әдетте тиімділік аудитін жүргізеді. Тиімділік аудиті бағдарламаның үнемділігін, тиімділігін және нәтижелігін зерттейді. Үнемдеу бағдарламаның үнемділігін, тиімділік бағдарламаның оңтайландырылған түрде жұмыс істеуін, ал нәтижелік бағдарламаның жоспарланған нәтижелерге қол жеткізуін білдіреді [2].

Бағдарламалардың тиімділігін бағалау барысында төмендегідей маңызды қадамдар орындалады.